

Отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссия туралы

Күшін жойған

Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 2 шілдедегі N 89 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 6 тамызда N 1350 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 569 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2007.04.18 N 569 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-11 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңының 31 бабы 1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі N 999 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайларын жақсарту бойынша әрекет етуші ұлттық жоспарға сәйкес және қоғамдық-саяси өмірде әйелдердің белсенділігі мен рөлін жоғарлатуға арналған қолданылатын механизмдерді өңдеу және жағдай жасау мақсатында, Бесқарағай аудандық әкімдігі

Қ А У Л Ы

е т е д і :

1. Отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссия құрылсын.
2. Отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссия туралы ереже бекітілсін (қ о с ы м ш а).
3. Ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімі (Мұхамедқалиева К. С.) отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссияның дербес құрамын белгілеп және аудандық Мәслихат отырысына енгізісін.
4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары К. К. Иманғазинаға жүктелсін.

Аудан әкімі

Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2003 жылдың 2 шілдесіндегі
N 89 қаулысына қосымша

Аудан әкімі жанындағы отбасы және әйелдер

істері жөніндегі аудандық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Аудан әкімінің жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссия (бұдан былай комиссия) консультативтік - кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия іс-қимылдарының құқылық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілері, Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқылы актілері, облыс әкімінің шешімдері, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның ұсыныстары, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

2. КОМИССИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

3. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссиясының белгілі артықшылықтарына және ұсыныстарына сәйкес отбасы, әйелдер және балалар мәселелері бойынша кешенді аймақтық (аудандық бағдарламаны қалыптастыру);

2) отбасын, әйелдерді және балаларды әлеуметтік, экономикалық, заңдылық және психологиялық қолдау жөнінде басқа да шараларды белгілеу мен жүзеге асыруға қатысу;

3) үдеме өндіріс процестеріне және халықтың денсаулық, ана мен баланы қорғау жағдайына, отбасылары тұрмысының әлеуметтік - экономикалық жағдайларына кешенді талдау жасауды жүргізу;

4) отбасының, әйелдер мен балалардың қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі нақты жағдайлары мәселелері бойынша ақпараттық базаны қалыптастыруға қатысу;

5) жергілікті өкілетті және атқарушы органдарда әйелдер өкілдіктерін кеңейтуге ықпал ету;

6) әйелдерді қатыстырумен шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері бойынша ұсыныстарды жасауға және оларды жүзеге асыруға қатысу;

7) жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің (келісім бойынша) отбасының, әйелдер мен балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған ұсыныстары мен шешімдер жобаларын қ а р а у ғ а қ а т ы с у ;

8) көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларын әлеуметтік қолдауды жүзеге асыруға, жалпыға бірдей мектеп білімін беруді қамтамасыз етуге, жетім балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға, отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері бойынша басқа әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға ықпал жасау;

9) комиссияның құзырына енетін мәселелер бойынша жергілікті өкілетті және атқарушы органдар үшін ұсыныстар әзірлеу;

10) аймақта отбасының, әйелдер мен балалардың жағдайларын неғұрлым толық және объективті көрсету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен ө з а р а қ и м ы л д а с у ;

11) өз құзыры шеңберінде барлық мүдделі ұйымдармен ынтымақтасу, сондай-ақ отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері бойынша аймақтық конференциялар, семинарлар өткізу;

12) функциялары бойынша осындай төменгі комиссиялардың іс-қимылдарын үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз ету.

3. КОМИССИЯНЫҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ

4. Комиссия өзінің құзыры шеңберінде құқылы:

1) Аудан әкіміне тікелей бағынышты және есеп беруші мемлекеттік органдар басшыларын өз мәжілістеріне шақыруға және тыңдауға;

2) өз іс-қимылдарын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпараттарды белгіленген тәртіпте сұрап алуға;

3) тиісті жергілікті мемлекеттік органдар басшыларына отбасы, әйелдер мен балалар мәселелерін регламенттеуші заңдарды бұзуға жол берілген фактілер бойынша тексерулер және қызметтік тергеулер жүргізу туралы ұсыныстар е н г і з у ғ е ;

4) жұртшылықтың беделді және білгірлі даярланған өкілдерінен штаттан тыс сарапшыларды комиссия мәжілістерін дайындауға, аймақтық бағдарламаларды тексерулерге және әзірлеуге қатыстыру үшін белгіленген тәртіпте қатыстыруға;

5) функциялары бойынша осындай төменгі комиссиялардың іс - қимылдарын ү й л е с т і р у г е ж әне б а қ ы л а у ғ а ;

6) әйелдер арасынан кандидатураларды басшы қызметтерге жоғарылатуға ы қ п а л ж а с а у ғ а ;

7) отбасыларының, әйелдер мен балалардың жағдайларын жақсарту мақсатында жергілікті мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдарға статистік, аналитикалық, әдістемелік және басқа ақпараттық материалдар жолдауға;

8) түскен азаматтар өтініштерін, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қарау қорытындылары бойынша материалдарды іс жүзінде шешім қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның қарауына жіберуге.

4. КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

5. Комиссия өз іс-қимылдарын аудан әкімі бекіткен Ереже негізінде жүзеге асырады.

6. Комиссияны төраға, әдеттегідей әкім орынбасарларының бірі басқарады.

Комиссия төрағасының орынбасары болуы мүмкін.

7. Комиссияға әдеттегідей жергілікті мемлекеттік органдардың және басқа ұйымдардың өкілдері енеді.

Комиссияның сан және дербес құрамын аудан әкімі комиссия төрағасының ұсынысы бойынша белгілейді.

8. Комиссия мәжілісі қажет болған жағдайда, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі.

9. Комиссия шешімі мәжіліске қатысушы комиссия мүшелері санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс беру тең түскенде төрелік етушінің даусы шешуші болып табылады.

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

10. Комиссия төрағасы:

1) комиссия іс-қимылдарын ұйымдастырады және оған басшылық етеді;

2) комиссия мәжілісінің күн тәртібін белгілейді;

3) комиссия мәжілісін шақырады және оған төрелік жасайды;

4) комиссия мүшелерінің арасынан комиссия мәжілісінің күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша баяндамашы белгілейді;

5) аудан әкімі және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы алдында комиссия жұмысының қорытындылары туралы тоқсан сайын есеп береді.

6) аудан әкімінің шешімінде көзделген басқада өкілдіктерді жүзеге асырады.

әкімінің аппарат басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК